

Қор нарығындағы алаяқтық – азаматтарға арналған жадынама

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа, KASE) лицензияланбаған жекелеген тұлғалардың инвестициялық қызметке байланысты заңсыз әрекеттерінің жиілеп кетуіне байланысты азаматтарды қырағы болуға және қаскүнемдердің қулығына түсіп қалмауға шақырады. Әлемде, оның ішінде Қазақстанда да қазақстандық нарықта қаржы құралдарын сатуға жалған қолжетімділікті пайдалана отырып, интернет-алаяқтық жағдайлары жиілеп кетті. Енді алаяқтар тіпті KASE атынан әрекет ете бастады.

KASE жеке немесе заңды тұлғаларға Биржаның немесе оның қызметкерлерінің тікелей қатысуымен биржалық нарықтарда пайда табу үшін өз қызметін ешқашан ұсынбайтынын ресми түрде мәлімдейді.

Мұқият болыңыз және есте сақтаңыз! KASE-нің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларының атаулары:

Instagram — kase.kz

Facebook — KASE

LinkedIn — Kazakhstan Stock Exchange

Қалған барлық аккаунт – фейк және Биржаға қатысы жоқ, тек қана алаяқтық мақсатта пайдаланылуы мүмкін!

KASE – сауда-саттықты ұйымдастырушы, ол Биржаның сауда жүйесіне қосылу және өз кезегінде қор нарығында инвесторлардың есебінен және мүддесінде мәміле жасайтын Биржаның мүшелеріне ғана сауда-саттық жасау мүмкіндігін ұсынады. Мүшелігінің санаты мен байланыс ақпараты көрсетілген Биржа мүшелерінің тізімі KASE сайтында <https://kase.kz/ru/membership/#brokers> сілтемесі бойынша орналастырылған. Бұл ретте тек лицензияланған брокерлік ұйымдар Биржаның мүшесі болып табылады.

KASE атап өткендей, реттеуші (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, ҚНРДА) лицензиясы жоқ компаниялармен шарт жасасу және өзара іс-қимыл жасаған кезде клиенттер барлық ықтимал тәуекелді өз мойнына алады.

Алаяқтардың көпшілігі кең таралған схеманы қолданатынына назар аударамыз: олар танымал WhatsApp, Telegram мессенджерлері, әлеуметтік желілер, электрондық пошта арқылы әрекет етеді, «суық» қоңырауларды пайдаланады. Бұл ретте мұндай тұлғалар өздерін Биржа қызметкері ретінде таныстырып, бағалы қағаздарға ақша салуды ұсынады. Қаскүнемдер өз құрбанына жоғары инвестициялық кіріс, кеңес беру, ілеспе қызмет көрсетуге уәде береді, ол үшін түрлі соманы делдалдық шоттарға аударуды сұрайды.

Ақша аударылғаннан кейін алаяқтар клиентпен ол өз қаражатын брокерлік шоттан ішінара немесе толық шығарып алуға бел буған сәтке дейін ынтымақтасады. Содан кейін әдетте, «салымшыларда» жалған брокерлермен коммуникацияда қиындық туындайды. Оның үстіне, көп жағдайда қаскүнемдер бұрын салынған қаражаттың барлық сомасын бірден шығару үшін қосымша сома енгізуді талап етеді.

Биржа жеке мүлкін сақтау мақсатында қазақстандықтарға мынадай қарапайым ережелерді басшылыққа алуды ұсынады:

Маңызды: алаяқтардан қалай қорғану керек!!!

Біріншіден, брокердің лицензиясына назар аудару қажет. Брокерлер уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) лицензиясы негізінде және брокерлік қызмет көрсету туралы тиісті шарт жасасқан жағдайда ғана жұмыс істейді. Қаржы делдалдарының қызметі ҚР Азаматтық кодексімен, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңымен және ҚР басқа да нормативтік құқықтық актілерімен қатаң реттеледі.

Екіншіден, лицензияның болуын тексергеннен кейін брокерлердің сенімділігін басқа параметрлер бойынша да бағалау қажет. Компанияның рейтингі, оның қаржылық көрсеткіштері мен акционерлері – бұл критерийлердің барлығы брокердің сенімділігін көрсетеді. Мысалы, ҚНРДА сайтында брокерлер бойынша жалпы мәлімет (акционерлері, басшылығы, байланыс деректері, қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар) орналастырылған.

Қор нарығында өз қаражатын сала отырып, инвестор нарықтық тәуекелден сақтандырылмағанын және нәтижесінде тек кіріс алып қоймай, шығынға ұшырауы да мүмкін екенін түсіну қажет. Сондықтан брокер клиентке жоғары инвестициялық кіріс алуға және (немесе) инвестиция бойынша шығыны болмайтынына кепілдік бере алмайды және бермеуі тиіс.

Егер сіз қаржылық алаяқтықтың кез келген түріне тап болсаңыз, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау мәселелері бойынша жедел желі телефоны арқылы қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттікке хабарласуды ұсынамыз.

Лицензияланбаған қызмет белгілері бар ұйымдардың тізімімен мына сілтеме бойынша танысуға болады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/266321?lang=ru>.

Алаяқтық әрекеттен зардап шеккен адамдарға келтірілген залалды өтеу және кінәлі адамдарды жауапқа тарту мақсатында KASE Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жүгінуді ұсынады.